



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№48 (904) Сәрсенбі 27 қараша 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА 2 АУЫЛ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданының «Ақсу», М.Шәменов ауылдарын газ желісіне қосу рәсімі өтті. Аймақ басшысы көптен күткен игілікті пайдалануды бастаған тұрғындарды құттықтады.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде жетілдіру. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын.

Елді мекендерге жеткізілген инфрақұрылым мұндағы халықтың әл-ауқатын арттырады, кәсіпкерліктің өркендеуіне, басқа да бастамаларға жол ашады. Өткен жылы Жалағаш ауданының бюджеті 10 млрд. 848 млн. теңге болды. Биыл 12 млрд. 215 млн. теңгеге жетті, 12,6 пайыз өсім қалыптасты. Бұл қаржы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыратын жобаларға бағытталуда. Кейінгі 3 жылда ауданда 4 млрд. 400 млн. теңгеге 104 шақырым ішкі көшелер мен аудандық маңызы бар автомобиль жолдары жөнделуден өтті. Тағы 1 млрд. теңгеге 7 шақырым ауыз су жүйелері, 1 млрд. 400 млн. теңгеге электр желілері жаңартылды, 51 тұрғын үй пайдалануға берілді.

«Таң», Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар ел игілігіне табысталды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 572 млн. теңгеге 250 орындық «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебі» ашылды. Сондай-ақ

«Таң» ауылындағы мәдениет үйі мен Бұқарбай батыр ауылындағы мектеп ғимараттары күрделі жөнделуден өтті.

Бүгінде «Аққыр» ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені, «Қаракентен» ауылындағы дәрігерлік амбулатория, Жалағаш кентіндегі «Руханият орталығының» құрылысы жүруде. Бұл жұмыстарға 2 млрд. 200 млн. теңге қаржы бағытталды.

Елдің дамуы ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдың дамуы, келешегі сүздердің бірлігімен және тату тірліктеріңізге байланысты. Бүгін әр үйге қосылған «көгілдір отын» отбасыларыңызға бақыт пен шаттық әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Туған жеріміз – Сыр өңірі қарыштап дами берейік!», – деді Н.Нәлібаев.

Газ қосу рәсімінен кейін аймақ басшысы екі ауылдың тұрғындарымен кездесіп, атқарылған істер, алдағы мақсат-міндеттер туралы айтты. Инфрақұрылымдық жобаларға, әр саладағы жаңашылықтарға, ауыл тұрғындарына ұсынылатын мүмкіндіктерге, аймақта қолға алынған жобаларға жан-жақты тоқталды. Кездесуге келушілердің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді.


КІРПІШ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қызылорда Саз М» ЖШС заманауи кірпіш зауытының іргетасына капсула салу рәсімі өтті.

Өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен жобаға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, зауытқа Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриалық аймағынан 7 гектар жер телімі берілді. Құны 2,3 млрд теңге болатын зауытта жылына 90 млн дана кірпіш шығарылады деген жоспар бар. Іргетасы желтоқсан айында күйіліп бітеді. Құрылыс алаңында 20 жұмысшы, 11 техника жұмыс жасауда. Зауытқа қажетті қондырғылар желтоқсан айында жеткізіліп, алдағы жылдың ақпан айында монтаждалады. Бұл зауыттың басқарушы ерекшелігі – өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Айта кетейік, құрылыс саласында биыл 189 жобаны жүзеге асыруға 134,8 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде, 36 білім беру, 22 денсаулық сақтау, 13 мәдениет, 14 спорт, 1 қоғамдық тәртіп, 1 жұмылдыру дайындығы, 3 мемлекеттік орган ғимараты, 1154 пәтерлік 21 тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық

инфрақұрылым тарту бойынша 85 жоба бар. Жыл басынан бері Қызылорда қаласында «Өнер орталығы», «Қан орталығы», «Үстел теннис орталығы», «Оқушылар сарайы» және сол жағалаудағы 900 орындық «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Жаңа стадион, «Инновациялық-шығармашылық орталық», музыкалық колледж ғимараты құрылысы басталды. Барлық ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият орталықтары», 9 дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, Жаңақорған ауданының Төменарық ауылында, Арал ауданының Сексеуіл кентінде аурухана, Жаңақорған кентінде «Оқушылар үйі» және 3 жайлы мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, биыл демеушілер есебінен 17 нысанның жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді.



ҮЙІРМЕЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді, спорттық секцияларды жан басына қаржыландыру, атаулы әлеуметтік көмек мәселесіне қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына, аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

«Балалардың шығармашылық үйірмелерге, спорттық секцияларға нақты қатысуын ата-аналар растаған ақпаратты негізге алып, тиісті шара қабылданды. Барлық кәсіпкерлер Face ID мобильді қосымшасымен қамтамасыз етілсін. Атаулы көмек алушылар қатарында шынайы табысын жасырып, жалған ақпарат ұсынғандар түрлі әрекетке баруда. Бұл көмек тек шын мұқтаж отбасыларға ғана берілуі қажет. Осыған орай, жыл соңына дейін белгіленген жоспарды орындауды, негізсіз көмек алғандардың қаржысын мемлекетке қайтаруды тапсырамын», – деді Н.Нәлібаев. Айта кетейік, Мемлекет

басшысының тапсырмасымен елімізде 2021 жылдан бері балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді, спорттық секцияларды жан басына қаржыландыру бағдарламасы қолға алынды. Биыл шығармашылық тапсырыс аясында қаралған қаржыдан 600,0 млн.теңге бюджетке кері қайтарылды. Жалпы облыс бойынша 40 мәдениет үйі мен клубты, 15 мектеп, 1 университет корпусын кәсіпкерлер үйірме жұмысын жүргізу үшін жала алған. Алдағы уақытта арнайы комиссия құрылып, қаладағы, аудандардағы барлық үйірмелердің жұмысы толық тексеріледі.

2 МЫҢҒА ЖУЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Департамент өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп «Бизнес жол» жобасының аясында 2 мыңға жуық кәсіпкердің құқығын қорғады. Мысалы, ағымдағы жылғы тамыз айында Департаментке жергілікті атқарушы органның жеке кәсіпкердің меншік құқығындағы жер учаскесін мемлекет мұқтажына алу іс-әрекеттеріне шағым келіп түсті.

Департамент шағымды жан-жақты талқылап, шешім қабылдау мақсатында «Атамекен» палатасы алаңында қалалық мүдделі органдар басшылығының қатысуымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында шағымда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешім негізсіз шығарылғаны белгілі болды. Бұл ретте кәсіпкердің жоғарыда аталған жер учаскесін 20 жылдан астам уақыт мал базары ретінде пайдаланып, халықтың сауда-сатығымен айналысуына мүмкіндік беріп отырғанын ескеру қажет.

Департаментпен енгізілген ұсыныс негізінде жоғарыда аталған негізсіз шешімнің күші жойылды. Осылайша кәсіпкердің құқығы қорғалды. Бұдан бөлек, тағы бір кәсіпкердің жергілікті атқарушы орган (тапсырыс беруші) мемлекеттік сатып алу шартында көрсетілген міндеттемелерін уақтылы

орындамай және атқарылған жұмыстар актісін қабылдамау жөнінде жазған өтініші оң шешім тапты.

Зерделеу барысында тапсырыс берушінің шарт бойынша аванстық төлемдерді төлеуді кешіктіргені (мерзімінен 4 ай кеш төленген) анықталды, бұл өз кезегінде мердігерге қаржыландырудың болмауына байланысты объектіде жұмысты уақтылы бастауға мүмкіндігін шектеген. Сонымен қатар, мердігер материалдарды жеке қаражаты есебінен сатып алуға мәжбүр болған.

Департамент әкімдікке тиісті ұсыныс хат жолдап, қабылданған шаралардың нәтижесінде тапсырыс беруші тарапынан кешіктірілген қаражат аударылып, объект бойынша қазан айында орындалған жұмыстардың актісіне қол қойылды. Осылайша, кәсіпкердің құқығы қорғалып, оған тиісті 267,7 млн теңге сомасында қаражаты төленді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

БЕНЗИН ҚЫМБАТТАЙДЫ – ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ

Мәжілісте өткен брифингте Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев бензин бағасы өсетінін мәлім етті. Министр бағаның өсуі – Қазақстанда мұнай өнімдерінің жетіспеушілігімен байланыстырады.

«Қазіргі уақытта біздің нарық тапшылықты сезініп отыр. Тапшылықты жабу және энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін модернизация жүргізіліп жатыр. Модернизацияны жүзеге асыру үшін тиісті қаражат қажет. Мұнай өнімдерінің бағасында жағдай сатып алу, қызмет көрсету, операциялық шығындар, логистика, жаңа мұнай құбыры және теміржол инфрақұрылымын салуға алынған қаржылар да есепке алынатын болады», – деп ескертті Сәтқалиев.

Сәйкесінше, бензин бағасының көтерілуі – мұнай өнімдерінің бағасына

әсер етпей қоймайды. «Бағаның қандай болатыны – ішкі нарықтағы мұнай бағасына байланысты. Қазіргі уақытта біздің ішкі нарықтағы баға көршілес елдермен салыстырғанда ең төменгі деңгейде, мұнай өнімдерінің бағасы да ең төменгі. Нарық ашылған жағдайда, біздің арзан өнімдіміз қымбат өнімдермен араласып кетеді, бұл өз кезегінде бағаның өсуіне әсер етеді», – деп қосты министр.

Айта кетейік, 2036 жылы жеңіл мұнай өнімдерінің жетіспеушілігі күтілгендіктен, жаңа мұнай өңдеу зауытын салу жоспарланып отыр.

САЯЖАЙ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫНДАЛДЫ

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, шаһар басшысы Нұржан Ахатов қала іргесіндегі «Ягодка» және «Пищевикте» саяжайларына барып, тұрғындармен кездесті.

Кездесуде саяжайлықтар басты көшелерге тас төсеуді, аялдама мен жарық бағаналарын орнатуды, сондай-ақ электр желісін жаңартып, қоғамдық көліктердің жүруіне кедергі келтіретін талдардың бұтақтарын балақтау жұмыстарын жүргізуді сұрады.

Тұрғындардың көтерген мәселелері бойынша Нұржан Сәбитұлы қажетті шаралар қолға алынатындығын жеткізді. Жауапты сала басшыларына алдағы он күн ішінде қоғамдық көлік қатынайтын негізгі көшенің бойына 3 дана аялдама орнатуды, жарық бағаналары мен жолға тас төсеуді тапсырды.

Айта кету керек, аумағы 92 гектар болатын «Ягодка» мен «Пищевикте» 1200-ге жуық халық тұрады. Тұрғындарды қаламен байланыстыратын қоғамдық көліктер күнделікті қатынауда.



ЖҰМЫС БЕКІТІЛГЕН ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы «Руханият орталықтары» мен физика-математика мектеп-интернаты құрылыстарына қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

Қазір барлық ауданда облыстық бюджет есебінен «Руханият орталықтары», Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы жүргізілуде. Облыс әкімі аталған нысандардағы жұмыс бекітілген жобаға сәйкес жүргізілуі керек екенін атап өтіп, сапаға баса мән беруді тапсырды.

«Өздеріңізге белгілі, «Руханият орталықтарына» кітапхана, музей, архив, неке кино залы, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасады. Ғимараттардың ішкі әрлеуі, кабырға және еден кафелдері, сыртқы абаттандыруы, асфальт және брусчаткасы сапалы әрі

көрнекі болуы қажет. Өткен аптада мектеп-интернат құрылысымен таныстым. Бұдан бұрын нысанды жыл соңына дейін аяқтауды тапсырғанмын. Тиісті қаржы уақытылы әрі кедергісіз бөлінгенімен, құрылыс баяу жүреді. Құрал-жабдықтар, ғимаратқа қойылатын жиһаздар, жалпы айтқанда барлығы сапалы болуы керек. Тиісті басқарма басшылары, қала және аудан әкімдіктері, құрылыстың мерзімінде аяқталуын әрі сапалы салынуын қатаң бақылауға алыңыздар», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы барлық құрылыс алаңдарындағы жұмыс барысын бірінші басшылар үнемі бақылауда ұстауы керек екенін айтты.

АҚЫН БАЙБОТА ҚОШЫМ - НОҒАЙ 70 ЖАСТА



Аудан әкімі Мажит Самитов қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері, жерлесіміз Байбота Қошым - Ноғай Серікбайұлының 70 жасқа толуына орай ауданның руханият өкілдерімен бірге ақынды арнайы қабылдап, кездесу өткізді.

Алашқа белгілі ақынға Құрмет грамотасы мен құттықтау хатын табыстап, қазақы дәстүрмен нығына шапан жауып құрмет көрсетті. Кездесу барысында

жазушы - драматург, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жолтай Жұмағұл Әлмашұлы сөз сөйлеп, Байбота Қошым - Ноғайдың сан қырлы болмысы мен шығармашылығы



жөнінде кеңінен айтып өтті. Әрі қарай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Тақырбасов ақынға деген ақжарма тілегін ақтарды. Сондай-ақ, айтыскер ақын Әбілқайыр Сыздықов мерейтой иесіне арнаған өлеңін оқып, ізгі лебізін жеткізді.

Жиында ақын Байбота Қошым-Ноғай сөз алып, туған

жерге тәу етіп келген әрбір сапарында қаламына қуат, шығармашылығына шуақ, өлеңіне күдірет дарып қайтатынын айтып, ел - жұртына, осы жүздесуді ұйымдастырып отырған аудан басшысы Мажит Самитұлына шын пейілді ризашылығын жеткізді. Өзінің ең соңғы шыққан «Үлпет» кітабын тарту етті.

ҚАЗАҚТЫҢ БҮЛБҰЛЫ

23 қараша күні Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде Қармақшы ауданы әкімдігінің қолдауымен ән әлемінде өзіндік ойып алар орны бар, өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген Қазақстанның және КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Социалистік Еңбек Ері Бибігүл Төлегенованың 95 жасқа толу мерейтойына арналған «Қазақтың бұлбұлы» атты классикалық ән орындаушылардың облыстық байқауы өткізілді.

Классикалық ән өнерін насихаттау. Дарынды, талантты өнерпаздарды анықтап, қазақ классикалық ән өнерінің деңгейін көтеру, жас ұрпақтың рухани дамуына ықпал жасау мақсатында өткізілген байқауда 7 өнерпаз өзара бақ сынасты.

Байқауға Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы, халықаралық конкурстардың лауреаты - Жадыра Белгібаева, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы, әнші - Сағынбек Меруерт, Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы «Музыка және балалар шығармашылығы»

бөлімінің меңгерушісі, мәдениет саласының үздігі - Есмұрзаева Бағдагүл төрелік етті.

Қазылар алқасының шешімімен Бас жүлдені Ерлан Нарғиз (Қармақшы ауданы), I орынды Қанатқызы Аялуым (Қызылорда қаласы), Сағындық Саят (Қызылорда қаласы), II орынды Ишанбек Аружан (Қызылорда қаласы), Бауыржанқызы Ақжан (Жалағаш ауданы), III орынды Ибрагимова Ақерке (Қызылорда қаласы), Ойнарбекова Жансая (Қармақшы ауданы) иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.


Концертмейстерлерге және жетекшілеріне арнайы алғыс хат табыстылды.

АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

К.Рүстембеков атындағы аудандық Жыраулар үйінде аудан әкімдігінің қолдауымен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция!» аясында «Нашақорлыққа жол жоқ!» атты жазба ақындар мүшәйрасы болып өтті.

Кейінгі жас ұрпақты салауатты өмір салтын сақтауға шақыру, есірткі қолданудың теріс ұстанымын қалыптастыру, есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер әсерін жырға қосу арқылы зиянды әдеттен аулақ болуға шақыру мақсатында ұйымдастырылған жазба ақындар мүшәйрасында 27 ақын бақ сынады. Ғасыр дертін айналып отырған кеселдің зияндылығын өз өлеңдері арқылы жеткізген ақындар ұлттық құндылықтар, отбасы тәрбиесі жайлы да жырлады.

Қазылар алқасының шешімімен Өтепбергел Нұржелді бас жүлде, Орынбасаров Ерәулет I орын, Бекмырзаев



Тұрарбек, Алмағанбетова Жанерке II орын, Алдасүгірова Сырға, Ғалымжан Шәкізада, Тәңірбергенова Мөлдір III орын иеленіп, барлық қатысушылар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің алғыс хаттарымен және сыйлықтармен марапатталды.



ШИПАГЕР КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

«Еңбексүйгіш елдің еңсесі биік» дейді халық даналығы. Бұл тұрғыдан келгенде, біліктілік пен шыдамдылықты қатар талап ететін жауапты мамандық иелерінің бәсі тіпті артық. Әсіресе медицина – жүгі ауыр салалардың бірі. Оның ерекшелігі сол – жауапты да қиын мамандық иесі дәрігердің жұмыс барысында ешқашан қателесуіне болмайды. Сондықтан олар ұдайы тәжірибелік білімін жетілдіріп, ізденіс үстінде жүреді. Сондай білікті дәрігерлердің бірі, қаншама жанға өмір сыйлаған алтын қолды дәрігер, бүгінде абыз ақсақал Жұмабек Сейтмұратов қарияны айтуға болады.

Адырбек Сопыбеков атындағы аудандық кітапханада медицина саласының ардагері Жұмабек Сейтмұратовтың «Шипагер» кітабының тұсаукесері өтті. Кітапта Жұмабек Сейтмұратұлы балалық шағынан бүгінгі күнге дейінгі өмірі, шипагер дәрігердің озық тұлғасы сомдалады. Шараға кітап авторының ағайын - туыстары, замандастары, кітапхана оқырмандары қатысты.



ПІКІРЛЕСУ АЛАҒЫ ӨТТІ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында «Отбасы бақыты – татулықта» тақырыбында пікірлесу алаңы өтті. Жиынның мақсаты – отбасы құндылығын дәріптеп, ата-ана қадірі, перзент парызын түсіндіру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Қызылорда ашық университетінің студенттерімен өткен танымдық шарада «Ана үйі» ҚК ресурстық орталығының маманы Дина Жүсіпбаева, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының заңгері Салтанат Есентаева және «Анаға тағзым» орталығының психолог маманы Аруна Ерғеш

өзекті мәселеге қатысты ой-пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, кездесуде қатысушылар шаңырақ шаттығының сыры, әйел мен ердің жарасымды қарым-қатынасы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптары бойынша Аруна Әсілбекқызынан маман кеңесін сұрады.

СПОРТҚА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Қала әкімі Нұржан Ахатов және қалалық мәслихат депутаты Ділмұхамед Абызов қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі мен оған қарасты «Қажымұқан Мұңайтпасұлы» атындағы спорт клубының тыныс-тіршілігімен танысты.

Жақында ғана демеушілердің қолдауымен 5 миллион теңгеге жаңаланған ғимаратта бөлім мен клуб мамандары ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Бөлім қызметкерлері күнделікті спортты жетілдіру, туризмді дамыту бойынша сан-салалы қызмет көрсетсе, клуб жаттықтырушылары спорттың 13 түрінен үйірме ұйымдастырып отыр. Клубты аралап, спортшылармен кездескен шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлына спорт клубының жаттықтырушысы, пауэрлифтингтен ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Кабира Асқарова бірқатар ұсынысын жеткізді. Жаттықтырушы мүгедектігі

бар спортшыларды спорттық іс-шараларға қатыстыру кезінде тасымалдау мүмкіндігін қарастыру, ол үшін инвентармен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Қала әкімі айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдап, олардың шешілу жолдары бойынша жұмыс жасалатындығын айтты.

«Әлі де алынатын қосымша қажет құрал-жабдықтар бар. Бұл мәселе де өз шешімін табады. Біз өз тарапымыздан өзгелерге үлгі көрсетіп жүрген спортшыларға көбірек көңіл бөліп, қолдау танытуымыз керек, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, спорттық үйірмелерде 1 500-ге жуық қала тұрғыны спортпен шұғылданады.

ТУРНИР ТАРТЫСТЫ ТҮЙІНДЕЛДІ

Қай уақытта болсын Сыр елі, оның ішінде қасиетті Арал топырағы елге қызмет істейтін арда азаматтардан кемде емес. Саналы ғұмырын аудан дамуына арнап, әр салада абыройлы еңбек еткен Темір Алдажұмаұлы Бисембаев 2022 жылдың 21 қарашасында 61 жасында өмірден озды. Осындай азаматты еске алуға арналған мекемелер мен кәсіпорындар арасындағы шағын футболдан турнир болып өтті.

Тартысты доп додасының ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаев, қоғам қайраткері Н.Мұсабаев және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Әйімбетовтер сөз сөйлеп, марқұм Темір Алдажұмаұлының өмірі мен елі куә еңбектері жайында өз естеліктерімен бөлісті. Жарыс

қатысушыларына сәттілік тілеп, тартысты турнир ұйымдастырушыларына ризашылығын жеткізді.

Екі күнге созылған турнирге барлығы 11 мекеменің құрама командалары қатысты. Нәтижесінде Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасы командасы жүлделі I орынға қол жеткізсе, Әуе

шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің әскери бөлімінің «Айбын» командасы II орынға жайғасты. Ал жүлделі III орынды аудандық №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің командасы еншіледі.

Турнир көркін қыздырып, көрермен көзіайымына айналған жекелеген ойыншылар да назардан тыс қалған жоқ. Ойын қорытындысымен «Көрермен көзайымы», «Үздік қорғаушы», «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы» және «Сұр мерген» аталымдары бойынша үздік өнер көрсеткен ойыншыларға турнир ұйымдастырушыларының атынан арнайы жүлделер табыстылды.





1 ЖЕЛТОҚСАН-ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖИТС-КЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ «АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖОЛЫН ДҰРЫС ТАҢДАҒЫЗ»

Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні жыл сайын 1 желтоқсанда атап өтеледі. Бүкіл әлемдегі адамдар АИТВ-мен өмір сүретін немесе АИТВ-мен ауыратын адамдарға қолдау көрсету үшін жиналады және ЖИТС-пен байланысты аурулардан қайтыс болғандарды еске алады. Ғасыр дерті денсаулық сақтау мәселесі теңсіздік, адам құқығы, әлеуметтік қорғау және экономикалық өсу сияқты басқа маңызды мәселелермен қаншалықты тығыз байланысты екенін тағы бір рет көрсетті.

Сондықтан да биылғы Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күнінің басты тақырыбы – «Адам құқықтары жолын дұрыс таңдаңыз» Жыл сайын 1 желтоқсанда атап өтілетін Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні, алғаш рет 1988 жылы ДДСҰ жариялады, әлемнің барлық аймақтарына таралған АИТВ-инфекциясының пандемиясымен күресу бойынша бүкіл халықтың, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың ісін ұйымдастыруға қолдау көрсету мақсатымен.

Адамның иммун тапшылығы вирусынан немесе қысқаша АИТВ-дан туындаған инфекциялық ауру әлемнің көптеген елдерінің халқы үшін жаһандық апат болып тұр. Эпидемия қаншама миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Бұл ауру адамдарды өте белсенді жаста зақымдайды. Иммун тапшылығы вирусы тек адамнан адамға жұғады және АИТВ инфекциясы ауыруын туғызады. Адам ағзасы жұқпа жұқтырғаннан кейін АИТВ-ны көптеген жылдар бойына бақылауда ұстай алады. Біртіндеп имунды жүйе соншалықты әлсіреп, бұдан соң ағзаны қорғай алмайтын болады. ЖИТС-бұл АИТВ-жұқпасының соңғы даму

сатысы. ЖИТС-тің білінуі әртүрлі, негізінде ол оппортунистік ауру: пневмоцистік пневмония, туберкулез, терінің және ішкі ағзалардың заңды зақымдануы, ұшық, токсоплазмоз, Капош саркомасы, ісіктік және басқа да аурулар.

АИТВ жұқтыру ашық жыныс аралық қатынаста (мүшекеп пайдаланбағанда), сонымен қатар дені сау адам ағзасына жарақатталған тері жабындысы және шырышты қабықшаға жұқтырылған қанның түсуінен, көбіне ол есірткіні құретамыр арқылы зарарсыздандырылмаған инъекциялық құралдарды (шприцтарды, инелерді, сүзгілерді және т.б.) қолданғанда өтеді. Баланың жұқтыруы, құрсақта жатқанда жүктілік, туу және емшек емізу кезінде анасынан болуы мүмкін. Сондықтан жұқтырылған жүкті әйелдер және олардан туған балалар вирусқа қарсы ем алулары керек.

АИТВ-жұқтырудың алдын алу үшін кездейсоқ жыныс аралық қатынастан, инъекциялық есірткі жабықтықтарын қолданатындармен жыныстық қатынасты болдырмау, тән аралық тәртіпсіз қатынаста болатын жандардан аулақ болу қажет. Жыныстық қатынаста



мүшекепті пайдалану АИТВ жұқтыру қаупін азайтатынын есте сақтау қажет. Сонымен қатар татуаж жасау (өрнек салу) және құлақ ұштарын, басқада тері жабындыларын зарарсыздандырылмаған құрал-саймандармен тесуден аулақ болу қажет. Көптеген адамдарды медициналық мекемелерде жұқтыру мүмкіндігі қауіптендіреді. Бірақ, қазіргі заманғы медициналық құрал-саймандарды тазалау әдістері вирустың толық жойылуына кепілдік береді, ал қолданылатын қан препараттары және донорлардан алынған басқа биологиялық материалдар зертханалық зерттеуге душар етіледі.

Балаларды АИТВ/ЖИТС сұрақтары бойынша ақпараттандыруда ерекше рөл ата-аналарына тиесілі. Баламен

осы мәселелер жөнінде сөйлесетін бірінші адам болуы мүмкін және ертен ол өскенде, оны дұрыс емес ақпараттармен немесе сіздің балаға дарыпқыңыз келген құндылықтардың жоқтығын айтып оны ешкім адастыра алмайды.

Вирус өзінің құрбанын талғамайды. Адамдарда өмірінің қалпын таңдау мүмкіндігі бар, содан жұқтыру қаупі және мүмкіншілігі тәуелді, таңдау бар, әрқашан АИТВ жұқпасын жұқтырудың алдын алу шараларын сақтау немесе өзінің денсаулығымен және жақын адамдардың денсаулығын қатерге тікпеу.

П.ЖОЛДЫБАЕВА,
АИТВ орталығының
Қазалы ауданындағы
филиалы меңгерушісі

МЕЙІРБИКЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Негізгі білімі бар мейірбике емдеу мекемелерінің әртүрлі бөлімдерінде қызмет жасай алады – бұл стационар, емхана, әлеуметтік мекемелер және үйлерде. Әрбір мейірбикеден этикалық және деонтологиялық қағидаларға қатынасы қандай болса, әрбір бөлімнің ерекшеліктеріне де сондай қатынасын талап етеді.



Қазіргі медициналық этика мейірбикеден тек қана жеке тазалық сақтауын ғана емес, сондай-ақ адамдар арасындағы сыйластықты сақтайтын этикалық қағидаларды да талап етеді. Ал гуманизм мейірбике қызметіндегі этикалық және деонтологиялық концепцияның негізгі құрамы болып табылады. Әдеп грек тілінен аударғанда «салт, ұнам, мінез» дегенді білдіреді. Әдеп бұл мораль туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы ілім. Егер медицина туралы айтар болсақ, бұл медицина қызметкерінің емделушімен, оның туыстарымен, әріптестерімен қарым-қатынасының психологиялық аспектілері болмақ. «Борыш», «қадыр», «абырой», «ар-ұждан», «бақыт» бұлар әдеп санаттарының ұғымдары болып табылады.

«Парыз» ұғымы бұл қызмет бабындағы міндеттердің нақтылы шеңберде орындалуы. Парыз ешқашан адамдардың денсаулығына психологиялық және физикалық тұрғыда кері әсер етпейтіндей болу керек. Абырой мен парыз ажырамас егіз ұғым. Олар адамның кәсіпқойлық пен адамгершілігін де білдіреді.

«Ар-ұждан» ұғымы «парыз бен абыройдан» айырмашылығы ол адамның іштей өзінің мінез-құлқына баға қоя білу болып саналады. Ар-ұжданды тәрбиелеуге қоғамдық пікір де үлкен роль атқарады, яғни ұжымның пікірі адамның ар-ұжданын оятап, өзіндегі жетіспейтін жақтарды толықтыруға, қателерді жоюға көмектеседі.

Педиатрияда медицина қызметкерлерінің балалардың қасындағы күтуші ата-аналармен қарым-қатынасы зор болу керек. Ауруханаға түскен соң анасы өзінен бұрын баласының жақсы болып кеткенін қалайды. Ауыр жағдайда түскен балалардың анасы психикалық тұрғыда жапа шегіп, көп сұрақтар қойып, медицина қызметкерінің өзіне деген қарым-қатынастың аса жоғары болғанын қалайды. Ата-аналар мен дәрігер, мейірбике арасындағы жақсы сенімді қарым-қатынас емнің сапалы болуына бірден-бір септігін тигізеді. Бұрын-соңды медицина қызметкерлеріне көңілі қалған (мысалы: зерттеу, емдеу кездеріндегі қателіктер, емдеуде болған асқынұлар, деректі қарым-қатынастар кездестірген) ата-аналар емдеу мекемесіне келген кезде сенімсіздікпен қарайды. Өкінішке орай анамен, дәрігерлермен және мейірбикелер бір-бірімен қарым-қатынаста сыйластықты ұмытып, дерексіздік көрсетіп жатамыз. Егер анамен

дауыс көтеріп сөйлесу кезеккен жағдайда, бұл дәрігер мен мейірбикелердің баламен жұмыс жасауына кері әсерін туғызады. Егер мейірбике анамен сөйлесу кезінде әдепсіздік танытып жатса, ата-ананың өзіне деген сенімінен айырылады. Мұндай жағдайда жасалатын операцияда немесе кандай да бір күрделі зерттеу мен ем жүргізу кезінде кезеліп қалаптын қиыншылықтар туындайтын жағдайларды ескертіп, ата-анасының келісімін алу керек. Егер анасы медицина қызметкерлеріне деген сенімі болмаса, қалай бұған келіседі? Талапшы, мазасыз, ал іпті ашушақ күтуші аналар дәрігермен қарым-қатынаста жақтырмай тұрады. Кейде осындай қарым-қатынастың әсерінен балада өзара арадық сезімі туындайды. Мұндай антогонизм әсіресе ауыр наскас баланың қасындағы анамен ауыр келеді.

Ата-аналардың өздері де жиі жанжалды қарым-қатынасқа келіп жатады. Әрине біз де одан қиындығы мол жұмысына құрметпен қарауын, емдеу мекемесіндегі белгіленген қағидаларды орындауын талап етуге құқылымыз. Алайда медицина қызметкерлері мен ата-аналар арасындағы жанжалды талдауда тек дәрігер мен мейірбике кінәлі болып шығады, өйткені олар ата-аналармен қарым-қатынаста шылдамдылық көрсетіп, көңіл бөлу - кәсіби парыз - медициналық деонтологияның бір ережесі болып табылады.

Мейірбике науқас баланың ата-анасымен қарым-қатынаста болғанда емдеуші дәрігер мен әріптестері арасындағы субординацияны сақтау керек. Дәрігердің жақсы көмекшісі болу үшін, әрбір дәрігерлік тағайындаулардың мақсатын түсініп, және оны сауатты орындауы керек. Дәрігерлік құпияны сақтау, оның өзіне деген сенімін ақтау, өзінің мінез-құлқымен дәрігер алдындағы беделділікті мықты ұстауы керек. Әрбір ойланбай айтылған сөз қайғылы жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін.

Кәсіби этиканы жетік меңгеруде ұжымдағы тәрбие, медициналық деонтология туралы кітаптар, ұнарақтар, конференциялар, мақалалар үлкен роль атқарады. Әдеби шығармалар арқылы өз-өзінді тәрбиелеу, мінез-құлқына дұрыс бағыт беру - бұл мейірбикенің ішкі дүниесін қалыптастыру болып табылады.

Ә. Т. ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық көп бейінді орталық аурухана мейірбикесі

МӘМС БОЙЫНША ЕМДЕЛУГЕ КВОТА

Ұлттық ғылыми медициналық орталығының мамандары көшпелі тегін кеңестерін өткізді. МӘМС аясында Қызылорда облысының тұрғындары елордалық медициналық орталыққа емделуге жіберілді. Бақтыгүл Нағашыбаева жоғары қан қысымы және жүрек қақпақшаларының жеткіліксіздігі диагноздармен дәрігерлерге жүгінген. Кардиохирургтің кеңесінен кейін 72 жастағы қария ана елордалық медициналық орталыққа емделуге жолдама алды.

«Кардиохирургтің қабылдауында маған Астанада тегін ота жасауға жолдама берілді. Бәрі жақсы болады деп үміттенемін. Осындай мүмкіндік үшін дәрігерлерге алғысымды айтамын» - деді Бақтыгүл апай. Облыстық диагностикалық орталықта пациенттерді кардиохирург, аритмолог, кардиолог, функционалдық диагностика дәрігерлері және нейрохирург қабылдады. МӘМС аясында 20-ға жуық қызылордалықтарға емханаға жағқызылуына жолдама берілді. «Біздің медициналық орталықта түрлі оталар жүргізіледі. Мысалы, коронарлық

артерияны шунттау отаның құны 3 млн. теңгені құрайды. МӘМС аясында біз оны тегін жасаймыз. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру тұрғылықты жеріне қарамастан ірі республикалық медициналық орталықтарда жоғары мамандандырылған медициналық көмек алуға мүмкіндік берді», - деп атап өтті «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ кардиохирургі Әлімжан Елжасов.

Екі күн ішінде елордалық дәрігерлер жүзге жуық қызылордалықтарға кеңес берді. Олар еліміздің солтүстік және батыс өңірлерінде, сондай-ақ Алматы қаласында болды.



ЖҮКТІЛІК КЕЗІНДЕГІ ҚАНАЗДЫҚ

Жүктілік кезінде қаназдыққа шалдығу таңқаларлық жағдай емес. Аяғы ауырлаған әйелдің бойында көптеген өзгерістер болады. Солардың бірі – қан құрамының өзгеруі. Қан құрамының өзгеруінің салдарына анемияны да жатқызуға болады. Мынадай жағдайда жүкті әйелде қаназдық байқалады: аяғы ауырлағанға дейін қанының құрамындағы гемоглобин мөлшері төмен болса (қалыпты жағдайда 130 г/л).

Дені сау әйелдердің жүктілік кезінде анемияға шалдығуына мынадай жағдайлар себеп болады: азық-түліктің құрамындағы темірдің ішектерде дұрыс сіңірілмеуі (қорытылмауы); ас қорыту ағзаларындағы ақау; рационал ет өнімдерінің болмауы; баланың жолдасының (плацентаның) жатырдың төменгі жағында орналасуы; жатырда екі немесе одан да көп сәби болса (егіздер болса); созылмалы аурулар (мысалы: гепатит, пиелонефрит).

Белгілері: тез шаршау, бас айналу, тынақтың өзгеруі, шаштың түсуі, бұлшық еттің әлсіздігі, дәм сезінуі, терінің құрғақтығы, жүрек соғысының жиілігі, енгізу.

Қан аздықты қалай жоюға болады? Егер жүктілікке дейін қандағы гемоглобиннің мөлшері төмен болса, көп рет бала туған әйел болса, бұрын қаназдық ауруымен ауырса, ішкі ағзаларында созылмалы аурулар болса, қаназдық ауруының жүктілік кезінде пайда болуы әбден мүмкін. Жүкті әйелдің қаназдық ауруына шалдыққандығы расталса, міндетті түрде емделіп, болуы мүмкін зардаптардың алдын алған абзал. Ондай жағдайда дәрігерлер темір препараттарын қабылдауға кеңес береді. Оны жүктіліктің 15 аптасынан бастап 4-6 ай уақыт бойына қабылдау керек. Препараттарды қабылдау арқылы емделу ұзақ уақыт алатын емделу әдісі болып саналады. Мысалы, темір препараттарын тұрақты түрде қабылдаған жағдайда үшінші аптадан соң ғана қан құрамындағы гемоглобин мөлшері жайымен көтеріледі. 9-10 аптадан соң толықтай қалпына келеді. Осы уақыт аралығында перпаратты қабылдауды үзбеу керек.

Тек препараттар қабылдап қана қоймай диетаның дұрыс болуы маңызды. Сондықтан күнделікті рационала көкөністер, жеміс жидектер, мадлын бауыры, балық болу шарт. Сонымен қатар ұйқының қануы, таза ауда серуендеу де маңызды.

А. МЫРЗАГУЛОВА,
Қазалы аудандық көп бейінді орталық аурухана акушері

ЖҮКТІЛІК БАРЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚАУІПТІ БЕЛГІЛЕР

Жүктіліктегі өзекті мәселелердің бірі – мерзімінен ерте босану. 37 аптаға толмай босану – уақытынан ерте босануға жатады. Болашақ ана мұндай жағдайдың орын алмауы үшін, дәрігерден кеңес алып отыруы қажет. Уақытынан ерте босанудың ең жиі кездесетін себебі – жүктіліктің қиын жағдайда өтуі немесе әйел өмірінде орын алған акушерлік-гинекологиялық ауытқулар.

Тағы бір себеп – болашақ анадағы ішкі ағзалар аурулары. Оның қатарына инфекциялар, бүйрек, жүрек – қан тамыр аурулары, ішкі секреция бездері қызметінің бұзылуы және тағы басқа сырқаттар жатады. Инфекция баланың тұншығып, сондай-ақ, имундық тапшылықпен туылуына әсер етеді. Жүктілік жатырдың қаншалықты мықтылығына және созылғыштығына байланысты жүреді. Ол әлсірегенде, ағза баланы сыртқа шығаруға тырысады. Әрине, барлық нәрсеңіз уақыттымен болғаны дұрыс. Дегенмен, мерзімінен ерте босанудың аналарға қауіп төндіретіні жасырын емес. Бұл тек акушерлік мәселе ғана емес. Оның әлеуметтік-экономикалық себептері де бар. Қалай болғанда да, болашақ аналармыз өздерін күтіп, сәбиінің жарық әлемді уақытымен көруін қамтамасыз етуге тырысуы қажет. Аналарымызға моральдік, физикалық тұрғыдан ауырлық түсірмей, аялай білгеніміз абзал.

Уақытынан ерте босанудың негізгі себептерінен бөлек, мынадай факторлар да бар: күйзелістік, отбасылық өмірдегі келеңсіздіктер, тұрмыстық жағдайдың қолайлы болмауы, ауыр жұмыс, дұрыс тамақтанбау, өте ерте немесе тым ерте жас-та босану, дене температурасының қатты көтерілуі. Босанғанға дейін жүкті әйел барлық тексерулерден мерзіміне қарай өтіп, табылған аурулардан сауықтыру емін алып үлгеруі тиіс.

Жүктілік кезіндегі қауіпті белгілер: қынаптан қан аралас бөлінді келуі, аяқ-қол мен беттің жансыздануы, бастың қатты ауруы, көру қабілетінің бұзылуы, жүректің жиі соғуы, енгізу немесе ауа жетпеу, іштің ауруы, құсу, дене қызуының 37,5 градустан жоғарылауы, қанғақ сұнының ерте кетуі, дененің ісінуі. Аталған белгілер байқалса, тез арада дәрігерге көрінгені абзал.

А. МЫРЗАГУЛОВА,
Қазалы аудандық көп бейінді орталық аурухана акушері

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қазақстан Халық партиясымен бірлесіп отырып, Қазақстанның Еңбек ері, қазақ әдебиетінің алып тұлғасы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл толуына орай «Өмір шындығына адалдық» атты әдеби кеш ұйымдастырды. Кешке қоғам қайраткері С.Әбішев, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, белгілі жазушы Б.Ұзақбаев, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының Қызылорда облыстық филиалының төрайымы Қ.Есімсейітова, ҚХП ҚБ Орталық аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы Н.Оразханов, ҚХП ҚБ Орталық аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысының орынбасары А.Дуқенбаева, Қорқыт Ата атындағы ҚУ қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Г.Баялиева, Қорқыт Ата атындағы ҚУ аға оқытушысы Т.Телеубаев, БАҚ және зиялы қауым өкілдері, Жастар театрының өнерпаздары, жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Кеш қонақтары күллі әлемге қазақ сөз өнерінің салтанатын кемел тұрғыда көрсете білген Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы естеліктерімен бөлісіп, жазушының қаламынан шыққан шоктығы биік туындылары «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдарына талдау жасап, қазақтың жазба әдебиетін көркем шығармалармен толтырған классик жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер берді. Жастар театрының актерлері «Әбдіжәміл әлемі» атты пролог оқыды. Сонымен қатар оқырмандар назарына «Әбдіжәміл Нұрпейісов» заманымыздың заңғар жазушысы» атты кең көлемді кітап көрмесі ұсынылды.

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов 1924 жылдың 22 қазанында Қызылорда облысының Арал ауданының Құланды поселкесінің Үшкөк ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы. XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосып жүрген суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері. Ата-тегіне тоқталсақ, Арал маңын ежелден қоныс еткен. Жетінші атасы Тайқожа батыр, одан Қалдан, одан Арғынбай би, одан өз заманында асқан байлығымен танымал Сыланбай, одан туған Нұрпейіс болып болған. Нұрпейістен Кәрім, Нәжім, Қали деген ұлдар туған. Осы үшеуі, Кәрімнен туған Әбдіжәміл төртеуі 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бұлардан аман қалғаны Әбдіжәміл ғана. Әкесі Кәрім қыран салып саяттаған, ауылнай қызметін атқарған кісі. Соғыс қарсаңында балық қолхозында істеген. 1944 жылдың 21 сәуір күні Тернополь түбіндегі ұрыста қаза тапқан.

Жазушы өзі туралы сыр-сұхбатында: «Біздің ру Жақайым, одан Бәйдібек, одан Байымбет шығады. Бәйдібек батырлау, бір тайпа елдің басшысы, көсемі болған кісі. Әбілқайырмен бірде тіл табысып, бірде тіл табыса алмай айшайысып жүретін еркерірек, өзміші жан болыпты. Орыс офицерінің жазуында 1745 жылы қайтыс болды делінген. Батырды жерлеуге Нұралы хан және Есет батыр келіпті.

Алтыншы атамыз Қалдан жуас, қой аузынан шөп алмас момын кісі болыпты. Дегенмен, өз жөнін ақылна бағындырып отырады екен. Бесінші атамыз Арғынбай заманында би болған, сөз білетін, от ауызды кісі деседі. Бір жол жүріп келе жатқан Арғынбай ауыл шетіндегі үйге келіп түседі. Үй иесі дастархан жайып:



ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

«Ареке, алдыңызға жібек дастарқан жайдық, зерен қойдық, сол зерендегі асқа ат қойып ішініз», – депті. Ыдыстағысы боза болса керек. Сонда Арғынбай тұртып: «Мынау мойтап деген ас екен, Ішіп ал да ой тап деген ас екен. Ақылды ішсе – дана болатын ас екен, Ақымақ ішсе – диуана болатын ас екен», – деп сусынды ерніне тигізіп, қайтарып беріпті деседі. Арғынбайдың басында құлпытас бар, оны баласы Сыланбай кірешілерге ілесіп Орынборға барған кезінде әкеліп орнатқан. Сыланбайдан – Нұрпейіс, Нұрпейістен – Кәрім, Кәрімнен – өзім. Өзім туған 1923 жылымды білгеніммен, айы-күнін білмеймін. Соғыстың алдында әкемнен: «Қай күні тудым?» – деп сұраған едім. «Оны қайтесің?» – деді. «Комсомолға өтейін деп едім»...

«Теңіз жағасына қар жауды. Кешкісін ауылдың сиырына қасқыр тиді. Қасқыр қарнын жарған қара өгіздің етінен шешене қалжа жасап берді. Ойымша, шамамен қараша болуы мүмкін», – деген еді жарықтық Нұрпейіс екі сайлауда болып болған, екінші сайлаудың ортасында мәншіт ұстаған. Иمامы Бұқарадан бітіріп келген Үмбет ақын. Беларан деген аласа тау бар. Қатпар-қатпар тас, алқа бел ұзын, бір тұмсығын теңізге сұғып жатады. Сол жердегі ауылда оқыдым. Бізде Арқалағдай аштық болған жоқ, теңіз жағалап балық аулағанның өзегі талмайды екен. Зәт дегеннің үйін жалдап оқыдым. Кейде әйелі шығып: «Бүгін сабақ болмайды. Қожайын ауырып қалды», – дейтін. Ол күні қуанып үйге қайтамыз. Аерке есімді сұлу апайымыз сабақ берді. Нұрпейіс ерте 53 жасында қайтыс болды. Қаңтарда әжем бақилыққа аттанды. Мен де шешемді мойындаған жоқпын. Нұрпейістің кенжесі болып өстім. Сол жылы өзім жалаңақ болған соң мектепке бармадым. Келесі жылы 2-сыныптан оқыдым. 3-сыныптағы Құландыда, 4-сыныпта Қоқаралда бітірдім. Менің оқуым ит тістеген терідей болды. 5-сыныптан бастап дұрыстап оқыдым. 6-сыныпта интернатта жаттым», – дейді.

Сәбит Мұқановтың «Адақандар» мен «Жұмбақ жалауы», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының алғашқы екі кітабы (эпопеяның екінші кітабы кейіннен шықты), Сервантестің «Дон-Кихот» романының қазақша аудармасы қол сөмкемізден түспеуші еді»

10-сыныпты оқып жүріп повесть жазғалы бел будым. Әскерден қайта оралсам – баяғы жазғандарымның бәрі жоқ. Қатесі көп еді, жоғалғаны жақсы болды», – дейді жазушы естелігінде.

1942 жылы орта мектепті тәмамдасымен армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қысқа мерзімді курстарды бітіргеннен кейін Оңтүстік және Прибалтика майданында, Луганск түбінде миномет ротасында саяси қызметкер, кейін штабист ретінде Балтық маңында Курлянд плацдармындағы шайқастарға қаптысты. Ә.Нұрпейісов естелік кітабында өзі туралы былай сыр шертеді: «Біраз жасалдым. Еш уақытта бұл жасқа келемін деп ойламаппын. Тәркілеу болып жатқан уақыт есімде. Сол кездегі көп нәрсе көз алдымда. Ашаршылықты көрдім: өмірге өкпем жоқ. Қайғы-қасіреті, қуаныш-қызығы да көп болды. Мектепте оқып жүргенімде күнде маған сүтке салып, бір кесе сөк беретін. Әкемің екі әйелі болды. Кешқұрым туыстар біздің үйге жиналатын. Көшпелі атамыз кіріп келіп, екі келіні тазалап отырған шикі қаздың басын алып, тұмсығынан ұстап, аузына салып, ұзақ талмап шайнайтын есімде қалыпты. Бұл аштықтың тіршілігі еді. 1943 жылдың наурыз айында лейтенант болдым. Әуелі ұшқыштар курсынан оқыдым. Курс маған қиын болды. Әуеге көтерілген кезде көп құсаптын едім. Ұшақты қондыру да маған қиынға соғатын, – дейді жазушы.

1946 жылы желтоқсанда әскерден босанған Әбдіжәміл армия қатарында жүріп бастаған «Курляндия» романын жазуға кіріскен. Оны бітіріп бастаған берген соң, бір жыл Қазақ мемлекеттік университетінде оқыды. 1954 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына түсіп, оны 1956 жылы бітірді. Тырнақалды кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың иегері атанды. Проза саласында үзбей еңбектенуімен қатар, өткір сынмен, публицистикалық макалаларымен де көзге түсті. 1962-1964 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының органы – «Жұлдыз» журналының бас редакторы да болып қызмет істейді, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты да болды. 1964 жылдан бері ұзақ жылдар бойы бірыңғай шығармашылық қызметпен шұғылданып, нарық

заманында халықаралық ПЕН клубын ұйымдастырып, оның президенттігіне сайланды. 2000 жылдан бастап ПЕН клубы жанынан «Таң-Шолпан» журналы шығарады. Көп жылдардан бері осы әдеби-көпшілік журналының редакторлар кеңесінің төрағасы да. Өткен XX ғасыр қазақ әдебиетіне мол сыйбаға қосқан суреткерлердің бірі – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты шетел тіліне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние жүзіне танытып, әлем әдебиетшілері қасқа-жайсандарының үздік бағасына ие болды. Атап айтсақ, Француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопьян, Валентин Осковский, испандық Август Видаль, қырғыздық Шыңғыс Айтматов, башқұрттық Мұстай Карим, немістер Лео Копшт, Ральф Шрейдер, қазақстандық Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Каболов, Герольд Бельгер, Акселле Сейдімбек, т.б. ол туралы тебірене жазды. Қуатты қалам иесінің жазып жүрген

естеліктері де көркем мемуарға жаңа леп әкелді. Қаламгердің жанкештілігі сондай, дүние жүзіне әйгілі шығармаларының өзін әр басылымы сайын қатан сын тезіне салып, ұштап, сүргілеп, қырнап, мінеп отырады. Бұл – көркем сөз құдыреттілігі алдында бас иіу деген сөз. Әдебиетке сүйіспеншілікті, ар ісіне берілгендікті ұлы Абай айтқан «жар ісіне» теңгеру, «қорлығына», «мазағына», «азабына көну». Әдебиеттің жауапкершілігі зор дүние екендігін байыбына бара түсіпгендік болып табылады.

«Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясы Ә.Нұрпейісовтің ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің табысы. Жазушының ерен еңбегі елдің мемлекеттің жоғары бағасына ие болды. Жазушы ретінде «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», Қазақстан мемлекетінің «Отан» орденімен марапатталған.

Ол – КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері. Бұл мәртебелі сыйлықты жазушылардан Қазақстанда үш қаламгер: Мұхтар Әуезов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Жұбан Молдағалиев қана алған. 2022 жылы 5 ақпанда дүниеден озды.



ҚЫЗЫЛША-ҚАУІПТІ ИНФЕКЦИЯ. БАЛАҢЫЗДЫ ҚОРҒАП ҮЛГЕРІҢІЗ

Қызылша дегеніміз не және ол несімен қауіпті?

Қызылша – дене қызуының 38-40° С-қа дейін көтерілуімен, жалпы ұланумен, шырышты көз, мұрын жұтқышшақ, жоғарғы тыныс алу жолдарындағы қабыну құбылыстарымен, кейіннен бөртпенің пайда болуымен сипатталатын жіті инфекциялық ауру. Жалпы әлсіздік пайда болып, бас ауырып, тәбет төмендейді, ұйқы бұзылады. Қызылша кезінде кейіннен бір біріне бірігетін, қызғылт немесе қызыл дақ түрінде бөртпелер шығады.

• Бірінші күні бөртпе құлақтың артына, бастың шаш бөлігіне, бетке және мойынға, кеуденің жоғары бөлігіне шығады;

• Екінші күні бөртпе денеге және қолдың жоғарғы бөлігіне шығады;

• Үшінші тәулікте бөртпе аяққа шығып, бетіндегісі бозарлады.

Инфекция көзі – науқас адам. Вирус ауа-тамшы жолы арқылы, сілемей тамшылары арқылы, түшкірген кезде, сөйлеген кезде таралады. Ауа ағымымен вирус айтарлықтай қышқытқыққа таралуы мүмкін. Қызылшамен ауыратын науқас болған үй-жайдың ауасымен тыныс алған кезде қызылша жұғуы мүмкін. Егер адам қызылшамен ауырмаған болса және осы инфекцияға қарсы егілмеген болса, онда науқаспен байланыста болғаннан кейін негізінен жағдайдың 100%-да жұғу орын алады.

Қызылшамен ауыратын науқас айналасындағылар үшін 7-10 күн ішінде қауіпті болып табылады. Адамдардың табиғи сезімталдығы өте жоғары, ауырып сауыққаннан кейін адамдарда өмір бойына иммунитет пайда болады.

Қызылшамен қайталап сырқаттану жағдайы өте сирек кездеседі.

Қызылшамен сырқаттанған кезде күрделі асқынулар пайда болуы мүмкін. Оларға өкпенің қабынуы (пневмония), орта құлақтың қабынуы (отит), кей жағдайда энцефалит (мидың қабынуы) тәрізді өте күрделі жағдайлар жатады.

Қызылшамен ауырып сауыққаннан кейін ұзақ уақыт бойы (2 айға дейін) иммунитеттің төмендеуі байқалатынын есте сақтау қажет, сондықтан бала қандай да бір суық тию немесе вирустық аурумен ауыруы мүмкін, сол себепті оны шамадан тыс жүктемеден, мүмкіндігінше-науқас балалармен қарым-қатынастан қорғау қажет.

Аурудан сенімді қорғандық бірден бір жолы Ұлттық егулер күнтізбесіне енгізілген қызылшаға қарсы вакцинация болып

табылады.

Ата-аналарға:

- балаларының қызылшаға қарсы егу мәртебесін тексеру, вакцинация болмаған жағдайда – қызылшаға қарсы профилактикалық егулер алу;

- қызылшаға қарсы егілмеген балалардың әртүрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуын, ойын-сауық сауда орталықтарындағы ойын алаңдарына баруын шектеу ұсынылады.

Егер Сіз немесе Сіздің балаңыз ауырған жағдайда:

- қатаралды құбылыстармен (дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) байқалып және бөртпе шығып аурудың бірінші белгілері пайда болған кезде дәрігерге қаралу, қызылша ауруына тексеруден өту және оның барлық нұсқауларын орындау;

- ауыр жағдайларда жедел жәрдем шақырту;

- дәрігер келгенге дейін туыстарымен, таныстарымен және басқа адамдармен байланысты шектеу;

- жөтелген және түшкірген кезде бет орамалды немесе сулықты пайдаланып, ауызды және мұрынды жабу, қолды сабынмен жиі жуу;

- тыныс алу ағзаларының қорғаныш құралдарын (мысалы, бетперде немесе дәке таңғыш) пайдалану – өзін өзі емдемеу қажет!

Қызылшаның алдын алу

Инфекцияға қарсы күрестің ең қолжетімді және тиімді әдісі вакцинация болып табылады.

Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбелігіне сәйкес балаларды қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау 12

айлық кезінде және қайталап 6 жаста жүргізіледі. Сондай-ақ қызылшамен ауырмаған, бұрын егілмеген немесе қызылшаға қарсы вакцинациясы туралы мәліметтері жоқ 18-35 жастағы ересектер егіледі (иммундау егулер арасындағы кемінде 3 ай аралықпен екі рет жүргізіледі). Қызылшаға қарсы егілген немесе бұрын қызылшамен ауырып туралы мәліметтері нақты емес қызылшамен ауырып науқаспен байланыста болған адамдар вакцина алуы қажет. Қызылшаға қарсы вакциналар 20 жылға дейін сақталатын сенімді иммунитетті қалыптастырады. Вакцинация эпидемиялық ахуал төмендеген кезде жүргізілген болса да қызылшаның дамуының алдын алады.

Ж.Г.ЖУСИПОВНА,
Аудандық емхананың
аға меіпгері

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/ҰУ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификацияланған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Таспырыс №266

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/